

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.02.2016 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін қорғаумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 24 мамырдағы

№ 670 қаулысымен

бекітілген

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін қорғаумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін қорғаумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын, қызметтік қаруды алып жүру құқығына рұқсаты бар жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың, жануарлар дүниесін қорғаумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар инспекторларының (бұдан әрі – инспектор) арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану тәртібін айқындайды.

2. Арнайы құралдар мен қызметтік қаруды инспекторлар мен қорықшылар жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асырған және өздерінің міндеттерін орындаған кезде қолданады.

3. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспектор мынадай арнайы құралдармен:

1) кісендермен (БР, БР-С);

2) резина таяқшамен (арнайы);

3) механикалық әсерлерден қорғауға арналған кеудешемен;

4) жалтырауық шаммен;

5) автокөлікті мәжбүрлеп тоқтату құрылғысымен («Еж-М») қамтамасыз етіледі.

4. Арнайы құралдар қызметтік қарудан бөлек арнайы жабдықталған үй-жайларда,

сенімді ілмек құрылғысы бар, қабырғаларының қалыңдығы кемінде 3 миллиметр металл жәшіктерде (шкафтарда) сақталуы тиіс.

5. Инспектор мен қорықшы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондар айналымының ережесіне сәйкес қызметтік қарумен қамтамасыз етіледі.

6. Инспектор немесе қорықшы жұмыста ұзақ уақыт болмаған кезеңде (демалыс, сырқаттану) қызметтік қару алып жүру құқығына рұқсат берген жер бойынша ішкі істер органдарына сақтауға тапсырылады.

2. Инспекторлар мен қорықшылардың арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану тәртібі

7. Қорғалатын аумақтарда инспекторлар мен қорықшылар қалыптасқан жағдайды, құқық бұзушылықтың сипаты мен құқық бұзушының жеке басын, сондай-ақ арнайы құралдардың тактикалық-техникалық сипаттамаларын ескере отырып, арнайы құралдарды қолдану, олардың түрі мен қолданылу қарқындылығы туралы шешім қабылдайды. Жеке әрекет ететін, арнайы құралдарды қолдану құқығы бар тұлғалар мұндай шешімді дербес қабылдайды.

8. Арнайы құралдарды инспекторлар:

1) егер құқық бұзушылар «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) талаптарына сәйкес өздеріне жүктелген міндеттерді орындайтын инспекторларға қарсылық білдірсе, оларды ұстау, сондай-ақ оларды ішкі істер органдарына жеткізу үшін;

2) инспекторлардың Заңмен өздеріне жүктелген міндеттерін орындауына кедергі келтіргенде көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтату үшін қолданады.

9. Қызметтік қаруды инспекторлар мен қорықшылар:

1) іс-әрекеттері Заңда белгіленген міндеттерді орындау кезінде инспекторлардың немесе қорықшылардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіретін адамдардың қарулы шабуылына тойтарыс беру;

2) егер жүргізуші инспекторлар мен қорықшылардың Заңда белгіленген талаптарына бағынбаса, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірсе, қорғалатын аумақтарда көлік құралдарын зақымдау жолымен оларды тоқтату;

3) жабайы жануарлардың шабуылынан қорғану және дабыл сигналын беру немесе көмекке шақыру үшін қолданады.

10. Арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану кезінде мынадай шарттар сақталады:

1) осы Қағидалардың 9-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайлардан басқа, қызметтік қаруды қолдану ниеті туралы ескерту (айғайлау, ескерту ретінде жоғары қарай ату);

2) қызметтік қаруды пайдаланудағы кідіріс инспектордың, қорықшының өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін немесе өзге ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, инспектордың немесе қорықшының талаптарын орындауы үшін жеткілікті уақыт беру;

3) инспектордың немесе қорықшының тарапынан қызметтік қарудың қолданылуы анық болатын жағдайларда ұстамдылық таныту, қолданылу мүмкіндігін барынша азайтып, қалыптасқан жағдайды және қол жеткізілуге тиіс мақсатты негізге ала отырып іс-әрекет жасау;

4) дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, ал арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолданудан зардап шеккен адамды қажет болған жағдайда денсаулық сақтау мекемесіне жеткізу;

5) айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолдану.

11. Әйелдер, кәмелетке толмағандар, айқын мүгедектік белгілері бар адамдар инспекторға немесе қорықшыға қарулы шабуыл жасаған немесе олардың тарапынан олардың өмірі мен денсаулығына айқын қауіп төнген жағдайларды қоспағанда, оларға қарсы арнайы құралдар мен қызметтік қару қолдануға тыйым салынады.

12. Қызметтік қару мен арнайы құралдар қолданудың адамдардың дене жарақатына ұшырауына, сондай-ақ қаза болуына немесе ауыр зардапқа әкеп соққан әрбір жағдайы туралы басшылар (тікелей бастық), құқық бұзушылық жасалған жердегі прокуратура және ішкі істер органдары дереу (24 сағат ішінде) хабардар етіледі.